



# ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Ислам дінінің екі мыңжылдықта  
иудейлер мен христиандарға әсері



**Дәрістің мақсаты:** 2 мың жылдықтың басындағы Еуропадағы рухани ахуалды араб аудармаларының көмегімен, яхудейлер мен христиандардың өздеріне Платон мен Аристотельді ашқаны туралы білу.

**Сабақтың негізгі терминдері:** өлілердің тірілуі, милленаризм, катарлар, Крест жорықтары, инквизиция.

**Мағриб ислам өркениетінің Батысы.** Кордова халифаты еуропалықтардың назарына түсіп, қазіргі Испания, Португалия мемлекеттерінің территориясын қамтыған ілім-білім орталығы болған. Сонымен қатар, Еуропадағы бірінші университет ретінде тарихқа кірді. Кордова халқының 10%-ы иудейлерден тұрды. Ислам өркениетінің әсері христиандар мен иудейлер үшін немен ерекшеленді? Біріншіден, иудейлер мен христиандар 2 мыңжылдықтың басынан бастап грек философиясының жаңа қырларын араб аудармалары арқылы тани бастады. Әрине сол кездері грек философиясын қолданып, грек тілінде жазған танымал иудей философы Филон Александрийский еді. Дегенмен оның шығармашылығы иудейлерден гөрі христиан православтарға көп әсер берді. Христиан діні тарихының даму барысында грек-христиан дін ойшылдары эллиандық, эллиндік философияны білгенімен оны дін танымымен байланыстыра алмады.

«Мистицизм Ислам әлемінде өте маңызды орын иеленгені сонша, Ибн Рушдтың тек қана рационалды сенім шарттарына негізделген көзқарастары мұсылмандарға тіпті әсер етпеді деуге болады. Исламда Ибн Рушд қадірлі болса да, екінші кезекте қалып қойды. Алайда Батыста еңбектері нағыз ғасырлық дүмпу туғызғандықтан, абырой-беделі кейінгі орында болды деп айта алмаймыз. Ибн Рушдтың арқасында Еуропалық теологтар Аристотельді ашты және Құдай жайында рационалды түсінік қалыптастырды. Бұл оқиғалардан кейін мың жыл өткен соң еріксіз мынадай қорытындыға келесің, рационализмге деген қызығушылық Батыс Еуропаны ғылыми-техникалық прогреске әкелді.

**Иудаизмдегі ислам нұры – Мұса бин Маймун.** К. Армстронгтың айтуынша: Иудаизмде Ибн Рушдтың атақты шәкірті, көрнекті талмудшы және философ әрі раввин Моисей бен Маймон (1135–1204) болды. Көбіне оның аты Маймонид ретінде мәшһүр болды. Испаниядағы ислам астанасы Кордовада туды.

Маймонидтің бұл ойы қазіргі таңда да өзекті болып қала береді. Расында діни секталарға әдетте діни дәстүрлерден жырақ және діни білімі жоқ адамдарды кіріп жатады. Олардың құдайды түсінуі хуруфиялік және антропоморфты болып табылады.

«Маймонид те азаптан құтылу үшін белгілі бір доктриналарды мойындау керек деп ойлады. Назар аударарлығы, ол жасап шыққан талассыз қабылдануы тиіс он үш ереженің тізімі Ибн Рушдтың ережесіне өте ұқсас. Иудаизм үшін бұл идеялар жаңашыл боп көрінді және түбінде толық мойындалмады да».

**Батыс пен Шығыс сұхбаты.** К. Армстронг: «Батыс Христиандығының крест жорығына малынған діни монотеистік дәстүрлерді бір-бірінен ажыратты. 1096–1099 жылдардағы алғашқы крест жорығы Батыстың алғашқы ортақ ісі болатын және бұл Еуропаның Қараңғы Дәуір ретінде танылған ұзаққа созылған варварлық кезеңнен шыға бастағанының белгісі болатын. Солтүстік Еуропаның христиан халықтарының қолдауына ие болған жаңа Рим халықаралық сахнадағы ескі рөлін қайтадан иеленуге тырысып жатқан-тын. Бірақ англо-саксондардың және франктердің христиандығы дамымаған болатын. Бұлар соғысқұмар халық еді және агрессиялық дінді қалайтын... Алғашқы крест жорығына қатысқандар Таяу Шығысқа жасаған жорықтарын Қасиетті Мекенге жасалған қажылық сапары сияқты бағалады. Олардың Құдай мен дін жайындағы көзқарастары әлі де өте қарабайыр болатын... Иса адам кейпіне енген Логостан гөрі крест жорықшыларының феодал лордтарына қаттырақ ұқсады: иеліктерін – Қасиетті Мекенді – кәпірлерден кері қайтару үшін рыцарларын топтастырған...», – деп жазады.

Крест жорықтарының шабыттандырушыларының бірі, харизмалық шешен – Клерво (Бургундия) христиан шіркеуінің бастығы Бернард болды. Ол бойсұнулықты уағыздады, адам өмірінің басты мақсаты – Құдаймен бірігу деп білді.

Өлілердің тірілуі – ибрахимдік діндегі сенімде, ақирет күні барлық адамдар заттай тәндері қалпына келіп тіріледі.



Милленаризм (лат. millenium – мыңжылдық) – мыңжылдық циклмен қоғамдағы түбегейлі өзгеріс туралы түсінік. Христиандық милленаризм негізінде Жаңа Өсиеттегі Иоан Богословтың (20:1-4), тарихтың соңында жердегі Құдай патшалығының мыңжылдығы туралы көріпкелдігі жатыр.

Катарлар (богумилдер) – гностиктік христиандық дінбұзарлық, мыңжылдық шеңберінде Еуропаның елеулі бөлігін жайлады.

Крест жорықтары – XI–XV ғасырлардағы Батыс Еуропадан мұсылмандарға қарсы Қасиетті жер (Иерусалимді) тартып алу мақсатында, Еуропаның пұтқа табынған халықтарын христиандыққа өткізу үшін және еретиктік қозғалыстарға қарсы діни әскери жорықтар легі.

Инквизиция (лат. еретиктік күнәһарлықты қудалайтын қасиетті бөлім) – дінбұзарлық қарсы күреске арналған Католик шіркеуінің бірқатар мекемелерінің жалпы атауы.

### Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Ибн Туфейлдің «Якзан ұлы Хайа туралы повесть» деп аталатын әлем тарихындағы алғашқы арабтық және бірінші философиялық романды оқыңыз. Оны неге философиялық ромбинзонада деп атайды? Қандай философиялық ойларды бейнелейді?

2. Фома Аквинский Құдайдың барын дәлелдейтін бірқатар дәлелдер ұсынды. Оның бірі – біз байқайтын кездейсоқтықтың болуы мүмкін емес әлемнің реттілігі. Мұндай дәлелді қазір де келтіреді, өмірдің жерде кездейсоқ пайда болуын табиғат күштерінің әсерімен өмір жоқ планетада қалалардығы кездейсоқ пайда болуымен салыстырады. Мұндай дәлелдің қатесі неде?

3. Неліктен Фома Аквинский «Теология сомасы» кітабын жазған соң, батыс діни ілімінің беделдісі болды? Автор сәтсіздікті қалай сезінді?

4. Франциск Ассизский алғашқы христиандық идеалын қалпына келтіруге тырысты. Алайда Рим Папасы мен діни қызметкерлер қарсы болды. Неге?

5. Қасиетті Франциск Ассизскийді «құдайы құбылыс» деп айтқанда Бонавентура нені еске алды?

6. Титус Буркхардттың «Шығыс пен Батыстың сакральді өнері» кітабына сүйене отырып, мұсылман және христиан сәулетінде бұл дәндердің мәні қалай бейнеленгенін баяндаңыз.

### Бақылау сұрақтары

1. Еуропа территориясындағы христиандар үшін білім орталығына айналған мемлекетті атаңыз.

2. Иудейлер мен христиандар арасында қандай мұсылман философы, исламға қарағанда жоғары беделге ие болды?

3. Богумилдер деген кімдер?